

**"Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 233 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 12 мамырдағы № 339 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 13 мамырда № 32485 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 233 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18562 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

корсетілген бұйрықпен бекітілген Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастыру қағидаларында:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің меншік иелері:

сиртқы (көрнекі) жарнама объектілерін тиісті эстетикалық, санитариялық және техникалық күйінде ұстайды;

адамдардың өмірі мен денсаулығы, меншіктің барлық нысанындағы мүлік үшін сиртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

сиртқы (көрнекі) жарнама объектісінде сиртқы (көрнекі) жарнама болмаған кезде өтеусіз негізде әлеуметтік жарнаманы сиртқы (көрнекі) жарнама объектісіне орналастырады не орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде (сиртқы) көрнекі жарнама объектісін бөлшектейді."

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрія және инфрақұрылымдық  
даму министрі

*M. Карабаев*

"КЕЛІСІЛГЕН"  
Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"  
Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК